

Академик Е.Бөкетовтің туғанына – 90 жыл

## Өнегелі өмір

Қазақстан ғылымын, білімі мен мәдениетін дамытуда академик Е.Бөкетовтің қосқан үлесі зор. Әсіресе, оның ғылымға деген көзқарасы ете ауқымды. Евней Арыстанұлының химия, физика, тау-кен және металлургия, кәсіп өнеркәсібі, мұнай өңдеу, тарих және тіл білімі, поэзия және проза, аударма ісі саласында жан-жақты, энциклопедиялық білімді жан екені баршаға аян. Кезінде ұлы ғалым: «терең, кең, нақты білімді меңгерген ғалым ғана нәтижелі жұмыс атқара алады», – деген екен. Ғалымның осы сөзінің дәлелі – оның артына қалдырған үлкен ғылыми және шығармашылық мұрасы.

Е.Бөкетов Қазақстан ғылымының, білімінің және мәдениетінің дамуына сүбелі үлесін қосты. Сарыарқаның ортасында ғалым, жазушы және қоғам қайраткері ретінде қалыптасып жетілді. Осы жерде ол техника ғылымдарының докторы атанды, профессор болды, Қазақ КСР Академиясының академигі атанды, КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын иеленді. Сонымен қатар, ол – Химия-металлургия институтының негізін тапқан, Қазақстандағы екінші университет – Қарағанды мемлекеттік университетінің іргетасын қалаған ірі ұйымдастырушы.

1960 жылы академик Қаныш Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Е.Бөкетов Қазақ КСР Ғылым Академиясының Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалды. Осы институтты басқара отырып, ғалым химия және селен мен теллур технологиясы бойынша екі ғылыми бағытты анықтайды. Біріншісі, тәжірибеде қолданылатын пирометаллургиялық әдістерді жетілдіру. Балқаш кен-металлургия комбинаты жағдайында молибден мен ренийді айыру мақсатымен металлургиялық процестерді интенсификациялау, рудалығы төмен және күлділігі жоғары кәмірден марганецті қорытпа алу. 1965 жылы бұл әдіс өндіріске енгізіліп, оның нәтижесінде институт КСРО-ның бірінші авторлық куәлігін иеленді. Балқаш кен-металлургия комбинаты жағдайында мыс концентраттарын кешенді түрде қайта өңдеу технологиясын меңгерген жетекші ретінде, 1969 жылы осы жұмысы үшін Е.Бөкетовке КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Екінші бағыт – жаңа металлургиялық ыдыратқыштар тәсілін қолдана отырып, мыс-электролиттік шламдардан (ұнтақтардан) селен мен теллурды айыру.

Ғалым ретінде Е.Бөкетовтің өміріндегі ең маңызды ғылыми бағыт әрі оның негізін өзі қалаған сала – химия, халькогендер мен

**Ірі тарихи тұлғалардың өмірі жас ұрпақ үшін рухани өсиет ретінде қалады. Сондай тұлғалардың бірі – Сарыарқадағы классикалық үлгідегі университетке есімі берілген Евней Арыстанұлы БӨКЕТОВ.**

халькогендер химиясы және технологиясы. Түсті және сирек металдар металлургиясын, анорганикалық және физикалық химия салаларын жан-жақты зерттей отырып, металлургиялық ыдыратқыштар көмегімен кәмірге гидрогенизация су сіңіру салдарынан тау жыныстарының геохимиялық процеске шалынуы мүмкіндігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Е.Бөкетовтің ғылымға қосқан еңбегін ескеріп және оның ғылыми мектебінің жұмысын бағалап, оған КСРО Ғылым Академиясы осы сала бойынша Бүкілодақтық кеңесті Қарағанды қаласында ұйымдастыруды және басқаруды сөніп тапсырды.

Академик өзінің ғылыми қызметінде Орталық Қазақстанның табиғи байлығын игеру мәселесіне үлкен көңіл бөледі. Электрхимия саласындағы жұмысы ғалымға жаңа ғылыми өдісті ойлап табуға мүмкіндік берді. КСРО-ғы ашылымдар мен өнер табыстары жөніндегі Мемлекеттік комитетте тіркелген бұл жаңалық «Бөкетов-Бөйешев тәсілі бойынша ұнтақ құрамынан фосфорды айыру әдісі» деген атаумен тіркелді.

Академик Е.Бөкетов беделді ғылыми мектептің негізін қалап кетті. Ол 18 ғылым докторы мен 61 ғылым кандидатын даярлады, біразы бүгінгі күні танымал академик, профессор, доценттер. Олардың ішінде, танымал ғалым-академик З.Молдахметов, корреспондент-мүшелер Е.Пономарева, Ж.Әбішев, техника ғылымдарының докторы, профессор В.Малышев, М.Угорец, химия ғылымдарының докторы, профессор К.Рүстембеков және тағы басқалары бар.

Аса көрнекті ғалымның ғылыми мұрасын 23 монография мен оқу құралдары, 200-ден астам ғылыми мақалалар мен тезистер, АҚШ, Канада, Англия, Франция, Германия, Италия, Австралия, Жапония сияқты елдерде патенттелген 100-ге жуық авторлық куәліктер құрайды.

Е.Бөкетов тек ғалым ғана емес, жазушы, аудармашы, ақын. Ол әдебиетші ретінде



Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің қайраткерлері туралы естелік және өмірбаяндық повесті жанрында орыс және қазақ тілдерінде бірқатар шығармаларын жазды. «Атан қолында туған адам» (1975 ж.), «Грани творчества» (1977 ж.), «Святое дело Чокана» (1984 ж.), «Досқа алты хат» (1995 ж.) сияқты шығармалары оқырмандарға кеңінен танымал.

Академиктің ұйымдастырушылық қабілеті Қарағанды мемлекеттік университетінің құрылуы мен дамуы барысында ерекше көзге түсті. 1972 жылы Е.Бөкетовтің жетекшілігімен негізі қаланған университеттің материалдық-техникалық базасы нығайды, кәсіби білікті мамандар жұмыс істеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен жол ашылды, білім беру жүйесі, ғылым және өндіріс арасында байланыс орна-тылды. Ол ҚарМУ-де ректор болған жылдары университеттің ғылыми мектебі қалыптасты, жаңадан зерттеу лабораториялары мен кафедралар құрылды, жаңа мамандықтар ашылды, университет жүйесі және мақсатты аспирантура арқылы дайындалған жоңа ғылымдардың төгі келіп қосылды.

Бүгінде ғалымның атымен аталатын Орталық Қазақстанның бірегей университеті ҚарМУ Е.Бөкетовтің мөрейдойы қарсаңында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп отыр. ҚарМУ-дің бүгінгі басшылары – жаңаша ойлай білетін,

кәсіби істерінің қас шеберлері. Олар ұрпақтар сабақтастығынан нәр ала отырып, Е.Бөкетов салып берген сара жолмен университеттің білімі мен ғылымын дамытуда. Университетіміз әлемдік білім беру кеңістігі мен ғылыми қауымдастықта өзінің лайықты орнын алу үшін ғалым ағамыз көрсетіп кеткен бағытта көптеген іс-шараларды атқаруда. Соның айғағы – ұлттық және халықаралық аккредиттеудің барлық ресімдерінен Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің сәтті өткендігі. Британдық компания QS-тің «Дамушы Еуропа және Орталық Азия 2014/2015» рейтингісі бойынша академик атындағы біздің университеттің қазақстандық 8 жоғары оқу орындарымен бірге танымал әлемдік университеттер қатарына енуі – ең маңызды әрі айтулы жаңалықтардың бірі. Қазір еліміздің ғылыми бағыттарда дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында біздің университет қыруар жұмыстар атқаруда. Оған ғылыми инфрақұрылымы бар, жаратылыстану, ғылыми және техникалық, сонымен бірге гуманитарлық бағыттағы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстан экономикасының түрлі секторларына инновациялық ғылыми өзіндіктерді енгізу іске асырылуда. 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын ҚарМУ-дің 15 профессор-оқытушыларының иеленуі де ғалымдардың академик ағамыздың мөрейдойына қосқан үлесі деп білеміз.

2015 жыл университетіміз үшін «Ғылым жылы» деп жарияланғандықтан, ғалымның мөрейдойы қарсаңында студенттер мен магистранттарға арналған дәстүрлі «Бөкетов оқулары – 2015», «Академик Е.А.Бөкетовтің ғылыми және шығармашылық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі. Е.Бөкетовтің шығармашылығына арналған студенттер арасындағы шығармашылық конкурстар ұйымдастырылады. Сонымен бірге университет «Е.А.Бөкетов өлемі» деген атпен кітап шығаруға дайындалып жатыр. Ғалымға арналған фильм түсірілуде.

Қазіргі кезде университеттің ғылыми кітапхана қоры мен электрондық ресурстарда сақталған Е.Бөкетовтің ғылыми және әдеби мұрасына арналған көрме ұйымдастырылып, ғылыми-библиографиялық көрсеткіш әзірленуде. Тарих факультетінің жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының «Тарих тағылымы» атты бірлескен бағдарламасының жаңажылдық хабары академик, профессор, ғасырда бір рет қана туатын тұлға Е.Бөкетовке арналды.

Міне, бұл шаралар алдағы атқарылатын үлкен істердің бастамасы ғана.

**Н.БЕЙСЕНБЕКОВА,**  
Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты,  
**Г.СМАҒҰЛОВА,**  
Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Өнер қайраткері

## Қарқаралы қанаттандырған Қарлығаш



Сөйлеп тұрған Қарқаралы...  
Әфирде – мен, Қарлығаш ҚҰСПАНОВА...

...1980 жылдары Қарқаралы радиосы хабары осылай басталатын. Оның редакторы да, жүргізушісі де Қарлығаш Құспанова еді.

Саңқылдаған ашық үнімен Қарқаралы жаңалықтарынан құлағдар етіп, еңбек озаттары мен өнер майталмандары туралы хабарлар беріп, елді рухтандырып отыратын.

Төскейде малы, төсекте бастары қосылған, отауымыз оқшау болса да, Отанымыз ортақ бұрынғы Семей облысы, Абыралы ауданының Қайнар селосында 1945 жылғы 13 қаңтар күні дүниеге есігін ашқан Қарлығаш Бөкенқызы – Семей педагогикалық институтының түлегі, тележурналист.

Ол алғашқы еңбек жолын Семей теледидарында жүргізуші, балалар мен жастар бағдарламаларының редакторы болып бастаған.

Дәм-тұз тартып 1983 жылы жолдасы, білікті дәрігер-хирург Жеңісқали Құспанов екеуі сол кездегі аудандық аурухананың бас дәрігері Жақсылық Төлеуаевтың аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Нариман Орманбетовтің шақыруымен Қарқаралыға келді. «Жас келсе – іске» дегендей жас мамандар өздерінің еңбектерін, өнерлерін паш етіп, аудан халқының денсаулығы мен өнер, мәдениетіне қомақты үлестерін қоса білді. Жеке-жарқым адам дәрігері болып, олардың жан саулығы мен денсаулығы үшін тер төксе, Қарлығаш Бөкенқызы халықтың рухани сауықтырушысына айналды. Жұптары жарасып, тойдұманның серкелері болды.

Оның атқарған ісін жіпке тізіп, айтып шығу мүмкін емес. Дейтұрғанмен, оның қомақты-қомақты істері мен шығармашылығы, қоғамдық-саяси қызметтерін ешкім жоққа шығармайды.

Әуелі радиоөнерін ұйымдастырғаннан кейін, аудандағы туристік агенттікті басқарып, аудан тұрғындарының тарихи қалаларға туристік сапарларға шығуына ықпал жасады. Он жылдан астам уақытта аудандық «Қарқаралы» газетінде тілші болып қызмет атқарды. Қаламы жүйрік жазушы-журналистер М.Омарбеков, С.Ләмбеков, С.Ақсұңқарұлы, З.Игілік, Ж.Тайтөлеуевтермен қатар өзінің журналистік шеберлігін көрсете білді. Кейін аудандық тіл басқармасының басшысы, аудандық мәслихатта жауапты лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Қарлығаш қандай қызмет атқарса да, көп ізденісінің арқасында кәсіби шеберлігін шыңдап, тың идеялардың өмірге келуіне ықпал қылды.

Қарлығаштың басты қасиеті – ұлтжандылық. Ол – қазақ тілі мен өнеріне қанатпен су сепкен нағыз Қарлығаш. Алғаш рет ауданымызда Теңізбай Әуесбаевпен бірлесіп, «Қазақ тілі» қоғамын құрды, ажал ошағы болған Семей полигонын жабуға білікті журналист Мақсым

Омарбекұлымен үзеңгілесіп, өзінің үлесін қосты.

1990 жылдары Қарқаралының қалың орманын өрт шалғанда Қарлығаш көше-көшені аралап, халықты хабардар етіп, өртке қарсы шараға ат салысты.

Көп уақыт пен қажырлық, ізденімпаздық қажет өтетін қызметтерді атқара жүріп, ауданның мәдениет саласына зор еңбек сіңірді.

Қоғамдық негізде зейнеткерлікке шыққан партия, совет қызметкерлері түрлі сапа басшылары болған зейнеткерлердің басын қосып, «Қайран жастық» ансамблі өмірге әкелді. Бұрын-соңды өнерімен танылмаған таланттарды жарыққа шығарып, халқына паш етті. Нәтижесінде, «Қайран жастық» ансамблі облыс көлеміне танылып, жүлделер мен гранттар ұтып алды. Олар ауданымыздың барлық селолық округтеріне концерт, спектакльдермен шығып өз өнерлерін көрсетіп, жұртшылықтың ықыласына бөленді. Өр түрлі спектакльдермен бірге «Біржан-Сара», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» операларының үзінділері сахналады. Ансамбль мүшелері кәсіби актерлар болмаса да, өнерлерімен өрге жүзді.

2010 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, Қарлығаш Қарағанды қаласына қоныс аударып, бұл жерде де қол қусырып босқа отырмады. Қарқаралы, Егіндібұлақтан облыс орталығына көшіп барған зейнеткерлердің тағы да басын қосып, 2011 жылы «Кезкөргендер» ансамблінің ұйымдастырды. Ансамбль құрамында кешегі Франция, Германия, Түркияда өнер көрсеткен «Саптанат» ансамблінің мүшелері де бар.

Кезінде «Останкино» телеарнасында тежірибеден өтіп жүргенде, Қарлығашқа атақты композитор Александра Пахмутовадан сұхбат алды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қ.Құспанованың тынымсыз, шығармашылық еңбегі атаусыз болған емес. Бірнеше рет облыс, аудан әкімдерінің Құрмет грамотасы, алғыс хаттарымен марапатталды. 2006 жылы облыс әкімінің мәдениет саласындағы сыйлығына ие болды.

Бүгінгі күні Қарлығаш Астанада тұрады. Немере, шебер сүйген бақытты өже!

Қарлығашты мөрейдойымен құттықтай отырып:

Саңқылдаған үнің мәңгі құлақта,  
Сарқылмайды өзің ашқан бұлақ та.  
Мөрейдойың құтты болсын, Қарлығаш,  
Жылылаймыз жүрең-дағы жырақта,  
Сөздеймін:

Тілек СӘДУАҚАСОВ,  
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.  
ҚАРҚАРАЛЫ қаласы.